

2023-2025 жж. арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды гранттық қаржыландыру

Жоба тақырыбының атауы АР19676769 «Ресей империясының қазақ даласы мен Түркістан өлкесіне әскери жорықтарының логистикасы: қазақ қоғамына әсері мен салдары»

Зерттеу мақсаты: Ресей империясының қазақ даласы мен Түркістан өлкесіне әскери жорықтарын логистикалық қамтамасыз ету шаралары жергілікті қазақ қоғамына әсерін анықтау. Архив құжаттары мен басқа да дереккөздерді талдау негізінде XIX ғасырда Ресейдің Түркістан өлкесін жаулау үшін әскери жорықтарды логистикалық жасақтауға қазақтарды пайдалануы қаншалықты дәрежеде халықтың саяси және шаруашылық өміріне ықпал еткенін түсіну.

Гранттық қаржыландырудың сомасы – 64 527 564 теңге.

1. Аннотация

XIX ғасырда Түркістан өлкесін және қазақ даласын толық жаулап алу үшін Ресей империясы бағындырылған қазақтарды Ресейдің әскери жорықтарының логистикалық тұрғыда қамтамасыз ету үшін пайдаланылды. Осыған орай зерттеу Ресей империясының әскери жорықтарын логистикалық шараларының жергілікті қазақ қоғамына қаншалықты әсер еткенін анықтауды мақсат етіп қояды.

Ресей империясының XIX ғасырдағы қазақ даласы мен Түркістан өлкесіне жасаған жорықтарына қатысушы әскери жасақтары қазақтар мен Орта Азия хандықтарынан әлдеқайда ілгері дамыған, технологиялық жағынан басым қару жарақтармен қамтылған еді. Дегенмен де патшалық Ресейдің кейбір жорықтары сәтсіздіктерге ие болып, адами және материалдық шығынға ұшыраған. Мұның басты себептерінің бірі әскери жорықтардың логистикалық қамтамасыз етілу жағын дұрыс жоспарламағанынан болған деп келді.

Сондықтан патша әкімшілігі барлық жорықтарында жергілікті қазақ халқынан жиналып тұрған жүк көліктері, әсіресе түйелерді пайдалануға итермеледі. Сонымен қоса қазақ ауылдары Ресей әскерлерінің жорықтарына азықпен де қамтамасыз етуге міндеттеліп отырды. Ресей әскерлері үшін қазақ руларынан жиналған орасан мөлшердегі жүк көліктері мен азық-түліктер жергілікті халықтың тұрмысы, қоғамына, және саяси жағдайына әсер етуі ықтимал. Осыған сәйкес ғылыми зерттеудің басты сұрағы: Ресей империясының қазақ даласы мен Түркістан өлкесіне жорықтарын логистикалық және азық-түлікпен қамтамасыз ету қазақ қоғамына қаншалықты дәрежеде әсер етті?

Зерттеу жұмысының гипотезасы: Ресей империясының әскери жорықтарды логистикалық шаралары қазақтардың шаруашылығына кері әсерін тигізіп, халық арасында наразылықтар тудырып, ақсүйектер мен қарапайым қазақтар арасындағы қатынастарды ушықтырып, көтерілістердің өріс алуына әсер етуі ықтимал.

Зерттеу сұрағына жауап іздеу үшін біз алдымызға бірнеше мәселелерді қарастыруды жоспарладық. Олар: XIX ғасырдың 30-70 жылдары аралығындағы Ресей империясының қазақ даласы мен Түркістан өлкесіне жасалған жорықтарға қазақ руларының қатынасын анықтау; Ресей империясының Түркістан өлкесіне әр кездерде жасалған әскери жорықтарын қазақтардан жиналған жүк көліктері мен азық-түлік мөлшерін анықтау; Ресей империясының әскери жорықтарын жасақтауда жергілікті қазақ билігінің ұстанымы мен әрекеттерін анықтау; Әскери жорықтарды логистикалық

қамтамасыз ету шығындары жергілікті халықтың тұрмысы мен шаруашылығына әсерін талдауға алу; Әскери жорықтарды қамтамасыз етуге қарсы қазақ руларының наразылықтары мен көтерілістерінің барысын сипаттау; Ресей әкімшілігінің қазақ даласында жүргізген жазалау әрекеттерін сипаттап, оның кейінгі қазақ-орыс қатынасына әсерін анықтау.

Зерттеу жұмысы сапалық және сандық әдістерді қолдана отырып жүргізіледі. Сапалық зерттеуге Ресей Федерациясы, Қырғызстан және Қазақстан Республикаларының архив құжаттарына, Патшалық Ресей шенеуніктерінің әскери жорықтар туралы мақалалары мен кітаптарына, оқиға куәгерлерінің жазбаларына, құжаттар жинағындағы деректерге мәтіндік талдау жасау. Сондай-ақ ғылыми жоба аясында зерттеу жүргізуде тікелей дереккөздермен жұмыс жасаумен қоса бұрындары жарияланған ғылыми мақалалар мен монграфиялар талдауға алынады. Яғни, осы еңбектердегі тұжырымдар мен пікірлерді салыстырып қарауға, сынауға немесе пайымдауға қолданылады.

Зерттеу барысында сапалық әдістерден бөлек сандық әдістерді қолдану маңыздылығы жоғары. Өйткені сандық әдістер арқылы алға қойған кейбір мәселелердің жауабын табуға мүмкіндік аламыз. Атап айтқанда, Ресей империясының әскери жорықтары үшін қазақтардың жиналған логистикалық шығындарын анықтап, оның жергілікті халықтың өмірі мен наразылық көңіл күйіне әсерін түсінуге тырысамыз.

Жобаның ғылыми нәтижелері ұжымдық монография мен ғылыми мақалаларда жарық көреді. Сондай-ақ «Ресейдің әскери жорықтары және қазақтар» тақырыбында құжаттар мен материалдар жинағы және «Ресей империясының қазақ даласындағы әскери жорықтары» атты фотоальбом жарияланады.

Бұл ғылыми жоба арқылы Тараз өңірі тарихшыларының ғылыми әлеуеті көтеріледі. Ғылыми зерттеу жүргізу нәтижесінде Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты мен М.Х.Дулари атындағы Тараз өңірлік университеті қазақ тарихына қатысты тың ғылыми еңбектердің жарық көруіне үлес қосады. Осыған орай жобаға қатысушылар ғылыми мақалаларын отандық және шетелдік басылымдарда жариялайды. Жобаның нәтижелерін ғылыми әрі ғылыми-көпшілік кітаптар және оқу құралдарын жазуда, элективті курстарды және студенттерге арналған лекциялар курсы өзінше әзірлеуде практикалық маңызы бар.

Жалпы ақпарат

1.1 Жоба тақырыбының атауы. «Ресей империясының қазақ даласы мен Түркістан өлкесіне әскери жорықтарының логистикасы: қазақ қоғамына әсері мен салдары»

1.2. Өтінім берілетін ғылымды дамытудың басым бағытының атауы. 7. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер.

1.3. Өтінім берілетін мамандандырылған ғылыми бағыттың атауы, зерттеу саласы мен түрі. 7.2. Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулер: 7.2.7. Ұлы даланың жеті қыры: қоғамның рухани жаңғыруының мұралары мен бастаулары.

1.4. Жобаның басталатын және аяқталатын болжамды күні, оның айлармен көрсетілген ұзақтығы. Басталуы – 01.02.2023 ж. Аяқталуы – 31.12.2025 ж. Созылу уақыты – 35 ай.

1.5. Гранттық қаржыландырудың сұралатын сомасы (жобаның бүкіл іске асырылу мерзіміне және жылдар бойынша, мың теңге). Жобаны жүзеге асырудың барлық мерзіміне – 64 527 564 теңге.

2023 жылға – 19 736 704 теңге.

2024 жылға – 23 070 891 теңге.

2025 жылға – 21 719 969 теңге.

1.6. Сарапшыларды іріктеу үшін өтінімнің саласы мен бағытын сипаттайтын түйін сөздер. Ресей империясы, қазақтар, Түркістан өлкесі, әскери жорықтар, логистика.

Жобаның жалпы тұжырымдамасы.

Кіріспе бөлім.

Жобада XIX ғасырдың 30-70 жылдары аралығындағы Ресей империясының қазақ даласы мен Түркістан өлкесіне әскери жорықтарын логистикалық және азық түлікпен қамтамасыз етуде қазақтардың тартылуы талдауға алынады. Ресей империясының Түркістан өлкесіне бағытталған әскери жорықтарын логистикалық қамтамасыз етуде жергілікті қазақ рулары көптеп тартқан болатын. Әскери жорықтарды логистикалық және азық-түлікпен қамтамасыз ету шарасы қазақ халқы арасында жүзеге асырылуы, жергілікті қазақ ақсүйектері мен халқының осы іс-шараларды орындаудағы әрекеттері зерделенеді. Сонымен қатар әскери жорықтарды қамтамасыз ету қазақ халқының әлеуметтік жағдайына әсері мен орын алған наразылықтар айқындалады. Патшалық Ресейдің әскери жорықтарын логистикалық жасақтаудың қазақ қоғамына ықпалы мен салдары қарастырылады.

Жобаның мақсаты.

Ресей империясының Түркістан өлкесіне әскери жорықтарын логистикалық қамтамасыз ету шаралары жергілікті қазақ қоғамына әсерін анықтау. Архив құжаттары мен басқа да дереккөздерді талдау негізінде XIX ғасырда Ресейдің Түркістан өлкесін жаулау үшін әскери жорықтарды логистикалық жасақтауға қазақтарды пайдалануы қаншалықты дәрежеде халықтың саяси және шаруашылық өміріне ықпал еткенін түсіну.

Жобаның ғылыми жаңашылдығы және маңыздылығы.

Осы зерттеу нәтижесінде отандық тарих ғылымының дамуына бірнеше маңызды әсері бар деп қарастыруға болады. Атап айтқанда зерттеу нәтижелері тарих ғылымын алға жылжытып, Қазақстанның жаңа заман тарихының зерттеу саласының кеңеюіне ықпал етеді. Демек, бұл Қазақстан тарихының осы кезеңіне қызығушылығын оятуға және ғалымдар мен білім алушылардың және қалың оқырманның отаршылдық дәуірдің тың мәселелерімен хабардар етуге көмектеседі. Зерттеу мәселелері бойынша жарияланған мақалалар мен монография отаршылдық тарихы мамандарының да назарын аударады деп есептеуге болады. Жаңа заман Қазақстан тарихының дереккөздер аясын кеңейтуге ықпал етеді. Жалпы, бұл жобаның нәтижелері шетелде де сұранысқа ие болады деп сенуге болады, өйткені жобаның негізгі зерттеу бағыты Орталық Азия тарихы, Еуразия тарихы және Ресей отаршылдығы контекстіне жақсы сәйкес келеді. Осылайша зерттеу нәтижелерін шетелдік ғалымдар әртүрлі елдердің отаршылдық тарихын салыстырмалы талдауда пайдалана алады. Зерттеу нәтижелерінің коммерцияландыру әлеуеті аз.

Зерттеуге алынып отырған мәселе отандық тарих ғылымында алғаш рет қозғалып отыр. Бұған дейін Ресей империясының Түркістан өлкесінде, оның ішінде оңтүстік Қазақстан өңіріндегі әскери жаулаушылық әрекеттері егжей-тегжей зерттелгенімен, XIX ғасырдағы патшалық Ресейдің барлық әскери жорықтарын логистикалық қамтамасыз етуге қазақтардың қатынасы және оның қазақ қоғамына әсері жайында арнайы зерттеу жүргізілмеген. Сондықтан Қазақстан тарихы ғылымындағы бұл зерттеуге алынбаған тың мәселені жоба аясында Ресейдің және Қазақстанның архивтері мен кітапханаларындағы құжаттар мен әдебиеттерді пайдалану және ғылыми ізденіс нәтижелерін жариялау мақсатында мемлекет тарапынан қаржыландыруды қажет деп есептейміз. Ең маңыздысы, жоба аясында жүргізілген зерттеулер нәтижесінде тарих ғылымы саласына практикалық маңызы бар жаңа дереккөздер ғылыми айналымға қосылады. Яғни бұған дейін ғылыми айналымға енген Ресей, Қырғызстан және Қазақстан архивтеріндегі құжаттар талдауға алынады. Жиналған дереккөздер негізінде монографиялық еңбек, мақалалармен қоса құжаттар жинағы жарыққа шығады.